

Балабақшаға баланың бейімделуі (ата-анаға кеңес)

Қыркүйек 2024 ж. Утеуова М

Балабақшаға дайындық

Балабақша – баланың «жаңа өмірге» деген алғашқы қадамы, себебі енді анасы тәулігіне 24 сағат бойы қасында болмайды және мұнда оны күткен өзі құралпылас балалардан, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын үлкен жаңа ұжым бар. Балабақшаға бейімделу кезеңі әр балада әр алуан сипатта өтеді. Қалай болғанда да, ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қиын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай.

Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаны ұнатуына көмектесетін қарапайым ережелерді басшылыққа алған жөн.

Ата-аналарға бірнеше пайдалы кеңес.

- Балабақшаға берерден шамамен бір ай бұрын сәбиіңізді балабақшамен таныстырыңыз. Жай ғана балабақша аумағында серуендеуге барыңыздар, сонда ол балабақша ғимаратының әсемдігіне тамсанып, онда қайта-қайта баруға ынтасы оянады, мұндайда алғашқы ресми күн де ол үшін мереке іспеттес болмақ.
- Бала жаңаша күн тәртібінен биологиялық тұрғыда қолайсыздық сезінбеуі үшін, бір ай бұрын оны ақырындап балабақшада болатын жаңа тәртіпке үйрете беріңіз. Бұл тамақтануға да қатысты.
- Баланың ұжымға жылдам сіңісуі үшін, оның қарым-қатынас жасауға бейімділікті дамытуына көмектесіңіз, ал бұл балалармен, сондай-ақ ересектермен араласу барысында ғана мүмкін болмақ. Реті келсе, балабақшаға бармай тұрып, болашақ топтастарымен және олардың ата-аналарымен танысқандарыңыз тіптен құптарлық жайт.
- Баланы міндетті түрде дербестікке дағдыландырыңыз, өз жасының деңгейінде өз-өзіне қарай алатын болсын.
- Балаға балабақшаның не үшін керек екенін, сәбилердің онда не үшін баратынын әңгімелеп беріңіз. Әкесі мен анасының жұмысқа, ал балалардың балабақшаға баратынын түсіндіріңіз.
- Анда-санда баламен бірге балабақша маңынан өтуге тырысыңыз, және оған дәл осы балабақшаға баратындарыңыздың қандай жақсы болғанын қуана ескертіңіз. Тобының қандай әсем болатынын, ондағы ойыншықтардың қандай сүйкімді екенін, оның балалармен ойнайтынын айтыңыз.

- Осы қуанышты жаңалықты баланың көзінше достарыңызбен және жақындарыңызбен бөлісіңіз. Сәбиіңіздің балабақшаға қабылданғанына қуанып тұрғаныңызды айтыңыз. Сөйтіп, балабақшамен тезірек танысуға баланың өз құлшынысы артатындай етіп, оны жағымды арнаға бағыттаңыз.
- Балаға ондағы күн тәртібінің қандай болатынын, олардың немен айналысатынын айтыңыз, себебі бала жұмбақ жағдайларға аттанбауы тиіс және өзін не күтіп тұрғанын білуі керек.
- Баланың көзінше ешқашан балабақша туралы жағымсыз пікір айтпаңыз, және, ең бастысы, оны балабақшамен қорқытпаңыз. («тамағынды ішпесең, балабақшаға жіберемін»); «мейлі, балабақшада сені тамақ жеуге жақсылап тұрып үйретеді» деген секілді).
- Баланы бастапқыда балабақшаға бірнеше сағатқа әкеліңіз де, кейіннен біртіндеп толық күнге жеткізіңіз. Мұндай біртіндеушілік қағидасы сәби үшін де, оның анасы үшін де анағұрлым жайлы болмақ.
- Баланы балабақшадан алып қайтарда міндетті түрде олардың немен айналысқанын, қандай тамақ ішкендерін сұраңыз, жетістіктері үшін мақтауды да ұмытпаңыз. Бала ата-анасы қасында болмаса да, оларға өз өмірінің қызықты екенін білуі тиіс.
- Баланы таңертең балабақшаға әкелген кезде жылдам қоштасып үйреніңіз, бұл істі көпке созбаған жөн, әйтпеген жағдайда бала сіздің абыржығаныңызды сезіп қояды да, сізден айырылғысы келмей қалады.

•Әрдайым қасында екеніңізді және мейлінше жақсы көретініңізді бала қашықта жүрсе де сезінуі үшін, оның қалтасына шағын ғана естелік зат салып беріңіз, бұл оның көңіліне медеу болады.

• Еш уақытта балаға көрінбей қашып кетуші болмаңыз, өйтетін болсаңыз, ол сізге сенбейтін болады. Қоштасудың өздеріңізге тән әдісін ойлап табыңыздар: беттен сую немесе мұрындарыңыздың ұшын түйістіру секілді.

• Балабақшаға баруы үшін баланы ешқашан да ойыншықтармен «сатып алуға» тырыспаңыз. Өйтетін болсаңыз, тағы да балабақша туралы жағымсыз пікірін қалыптастырасыз.

• Балаңыз байбалам салған уақытта ешқашан оның ырқына жығылушы болмаңыз. Қайткен жағдайда да балабақшаға баратынын ұқтырыңыз, әйтпесе келесі жолы оның еркеліктерін көтеру сіз үшін қиынға соғатын болады.

• Әрине, әрбір бала өз алдына бір әлем, олардың әрқайсысының ыңғайын таба білу керек, алайда тек сүйіспеншілік, шыдамдылық және парасатты оң ықылас қана балабақшаға баруды сүйікті іске айналдыра алады

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі (Баяндама)



Қазан айы 2024 ж. Тәрбиеші Сатыбалдиева Б.

Жақсы ата-ананың балалары да жақсы болады деген сөзді өте жиі естиміз, сонда осы жақсы ата-ана деген кімдер? Қазақта бұған байланысты мақалдар да жиі айтылады. Мысалы, “Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны аласың”. Болашақ ата-аналар өз ұрпағының саналы да сапалы болуы үшін арнайы бір әдебиеттерді оқу немесе тәрбиелеудің ерекше әдістерін үйрену керек деп ойлайды. Әрине, педагогикалық және психологиялық білімдер өте қажетті, бірақ тек қана бұлардың өзі баланы тәрбиелеуге жеткіліксіз. Әлде үнемі қобалжып жүретін, балаларының жаңа бір тәртіп бұзуы кезінде оларды қалай жазалауын білмейтін, егерде жазаласа өз әрекеттеріне өкінетін ата-аналарды жақсы дей аламыз ба? Мұндай ата-аналар баласынан күтпеген өгде әрекеттер көрсе қорқады, ол ата-аналар балаларын өздерін сыйламайды деп күдіктенеді, ал кейде өздерін жақсы көрмейді деп ойлайды. Ол ата-аналар балаларын бір жаман қылық істеп жүр деп ойлап, олардың болашағын ойлап қиналады. Оларға сыртқы орта “көше” кері кері әсер етеді деп санайды және олар балаларының психологиялық денсаулығы үшін сескене бастайды.

Ата-аналар баланың алғашқы қоғамдық ортасы болып табылады. Ата-аналарының тұлғасы кез-келген адам өмірінде маңызды рөл ойнайды. Мысалы, өмірлік тәжірибеден алып қарасақ қиын сәттерде біздің ата-аналарымызбен, әсіресе анамызбен сөйлесуіміз кездейсоқ жағдай емес. Сондай-ақ бала мен ата-ана қатынасын бейімдейтін сезімдер – бұл басқа эмоциялық байланыстардан күшті ерекше сезімдер.

Кез-келген баланың ата-анасына деген махабаты шексіз, шартсыз, шекарасыз және мәңгілік. Бұл тұрғыда ата-анаға деген махабат өз өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, өсе келе ата-аналарының махабаты адамның ішкі, эмоциялық және психологиялық әлемін ұстап тұратын қызметтерді атқара бастайды. Ата-ана махабаты – адамның болашақ өмірінің бағдары, оның дене және ішкі жан дүниесінің, денсаулығының қайнар көзі мен кепілі болып табылады.

Сондықтан да ата-ананың басты және негізгі міндеті – ең бірінші балаларына өздерінің жақсы мінез-құлығымен, адами құндылықтарымен жақсы көрінетіндігі мен оларға әрқашан да қамқор болатындығына сенім туғызу. Яғни, ешқашанда балалары өздерін ата-аналары жақсы көретіндігіне күмән туғызбауы керек. Ата-ананың ең табиғи және ең қажетті міндетінің бірі өз балаларына олардың кез келген жасында оларға жылы махабатпен, қамқорлықпен және ұқыптылықпен қарау.

Балаларының өсе келе өз ата-аналарымен айырылысатын жағдайлар өмірде жиі болып тұрады және бұл шартты құбылыс. Олар өздерінің ең жақын адамдарымен эмоциялық байланысын жоғалта отырып, психологиялық мағынада айырылысады.

Көп ата-аналар өздерін балаларына деген махабатының жоғары болуы жағдайында бала өзін ата-анасының жақсы көретіндігін сезіп, ерке, өзімшіл болып өседі деп ойлайды. Бұл тұжырым өте дұрыс емес. Дәл осы жағымсыз тұлғалық қасиеттер ата-аналық махабаттың жетіспеушілігінен, қайсыбір эмоциялық тапшылық пайда бола қалғанда қалыптасады.

Ата-ананың өз баласына оны жақсы көретіндігі мен қамқор болатындығы туралы сезімін білдіру ата-анасының баласына бөлетін уақытына да, баласының қайда өсетіндігіне де, баласын материалдық қажеттіліктермен қамтамасыз ету дәрежесіне де байланысты емес. Ол ең бірінші ата-ананың баламен терең психологиялық байланыстың болуы тәрбиеге қойылатын бірегей талап, ол барлық ата-аналарға тәуелді және мұндай байланыс барлық жастағы балаларды тәрбиелеп жеткізуде қажетті болып табылады.

Баланы қабылдау – баланы, оның өз қасиеттері бар бір тұлға ретінде мойындау дегенді білдіреді. Сонымен күнделікті байланыс кезінде баланы қабылдау дегеніміз не? Ең алдымен ата-ананың өз балаларына қатысты айтатын сөздеріне ерекше көңілмен қарау. Балаларға, олардың өзіндік мінезінің қасиеттеріне қатысты негативтік бағалаулардан мүлдем бас тарту міндетті болып табылады. Өкінішке орай, “Топас! Бұл сөзді неше рет айтуға болады”, “Неге ғана мен сені өмірге әкелдім екем”, “кезк- келген басқа бала сенің орнында не істеу керектігін білетін еді, мисыз” деген сөздерді айту әдетке айналған.

Психолог А.Н.Леонтьев былай айтқан: “адам өмірі – бұл бөлінген өмір сүру, оның басты белгісі болып басқа адаммен жақындасу қажеттігі болып табылады. Сонымен қоса бала мен ата-ана арасындағы байланыс қайшылыққа толы, егер бала өсе келе өз ата-анасынан бөлінуге тырысса, и ал ата-анасы керісінше өз баласын жақын ұстауға тырысады. Ата-аналар жас өспірімдерді өмірдің қиын жағдайларынан және аяқ астынан болатын себептерден сақтамақ болып өздерінің тәжірибесімен бөлісіп отырғысы келсе, ал балалары өзіндік бір тәжірибені қалыптастырғысы келеді. Осы туындап оырған ішкі қарама-қайшылық көптеген мәселелер тудыруы мүмкін, бұл тұрғыдан тәуелсіздікке ұмтылу мәселесі баланың өте кіші жасынан басталады. Шынында да бала мен ата-ана арасындағы анықталған бір дистанция болуы қажет. Баланың алғашқы қадамдары, “Мен өзім” деген сияқты сөздері оның тәуелсіздікке ұмталғандығын айғағы болып табылады. Ата-ана күнделікті баласымен арасындағы дистанцияны анықтап отыруы керек.

Баланың смартфонға тәуелділігін қалай жоюға болады?



Қараша 2024 жыл. Тәрбиеші Ходжа-Ахметова К.Е

Ұялы телефонға тәуелділік - бұл баланың ұялы телефонды тым көп және ұзақ уақыт бойы қолдануы. Мұндай жағдай баланың өміріне және күнделікті іс-әрекеттеріне кедергі келтіруі мүмкін.

Смартфонға тәуелділіктің басты негізгі себептері: Негізгі және ең көп тараған себептердің бірі – ол ата-ананың өзінің балаға телефонды беруі. Мұндай жағдайды әсіресе екі жасқа дейінгі балалардың ата-анасы жасайды. Себебі ол жастағы балалар әлеуметтік желіні білмейді, оларға бар болғаны түрлі видеолар мен ойындар қойып бере салады. Ал видео мен ойын баланы өзіне тартып, баурап алатын бірден-бір дүние. Баланың тұйықтығы мен достарының аздығы. Бала үшін барлық жаңа нәрсе қызықты. Үлкендерге еліктеу, себебі олардың барлығында жеке-жеке смартфон бар. Ата-ананың назары, көңіл бөлудің жетіспеуі мүмкін. Оның орнын әлеуметтік желідегі қарым-қатынаспен толтырғысы келеді. Ата-ана әлеуметтік желіде отыруға немесе телефонмен ойнауға рұқсат береді. Есейіп қалған балалар қатарластарынан қалғысы келмей, телефонсыз жүруді, әлеуметтік желіде белсенді болмағанын ұят санауы мүмкін. Отбасындағы келеңсіз, жүйкеге тиетін жайттардың көп болуы.

Мектеп жасына дейінгі балаларда смартфонға тәуелділігін олармен жете араласу, түрлі ойындар ойнау, әңгімелесу және де бала өміріне қызықты деп танылған іс-әрекеттерді ата-анамен бірлесе отырып қолдану арқылы баланың смартфонға қызығушылығын бірден емес кезең-кезеңімен жойса үлкен нәтижеге қол жеткізуге болады. Мәселен қарапайым сөзбен айтар болсақ бала үйде телефонды көп қарайтын болса бірден телефонды тартып алмай оның көру уақытын бірте-бірте қысқартып отыру керек. Баланың телефон ішіндегі ойынын баламен қарым қатынас жасау арқылы алмастыруға болады. Баламен қимылды, дидактикалық, сюжетті-рөлді т.б ойындарды бірлесіп, баламен қарым-қатынас жасай отырып ойнаса баланың телефонға тәуелділігін бірте-бірте жоюға болады. Себебі бала ата-ананың айнасы. Ата-ана балаға қандай боп көрінсе бала тура сондай болуға тырысып бағады. Смартфонның бала психологиясына, физиологиясына, шығармашылығына, коммуникативтік байланысына кері әсерін барын ұмытпаған жөн.





**Жаңа жылға
ұжымдық
шығармашылық
даярлық**

**Тәрбиеші: Байбақова Ж
Желтоқсан 2024 ж.**

Жаңа жыл – әлемдегі қуанышқа толы ең ғажайып мерекелердің бірі. Жаңа жыл сиқырлы, әрі қайталанбас таңғажайып мереке деп саналады. Жаңа жылға дайындық - бұл балалар мен олардың ата-аналары үшін қызықты уақыт. Әрбір отбасы өздерінің балаларымен бірлесіп мерекені қарсы алуға бар ынтасын салады. Жаңа жылдан жақсы үміттер мен көп қуанышты сәттер күтеді.

Жаңа жыл кешін тойлау отбасында ғана емес баланың балабақшада достарымен қарсы алу оданда қызығырақ болады. Себебі балабақшада баланың жас ерекшелігіне сай түрлі ойындар, әндер, жыр-шумақтар ұйымдастырылады. Достарымен қарым-қатынас, ертегі әлемі, түрлі безендірулер баланың есінде сақталып калады. Балаға жақсы көңіл күй сыйлары сөзсіз.







**«Ата-ана мен
тәрбиешінің
ынтымақтастығы»**

Тәрбиеші Әміреова Алтын Назарқызы.
Қаңтар 2025 жыл

Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата – аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы деп білемін. Баланың ана – тілін толық меңгеруі, ұлттық – сана сезімін тәрбиелеу, денсаулығын түзету, бала тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін білу жөніндегі дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі мекемелерге берілген. Бала ол ештеңе білмейді, ұқпайды деп жай көзбен қарамай, өскелең ұрпақты шыншылдыққа үйретіп, жағдайға дұрыс көзқараспен қарауға жағдай туғызуымыз керек.

Еліміздің болашағы қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты. Болашақ ұрпаққа жан-жақты тәрбие беру ақыл ойының дұрыс дамуына әсер етіп, еңбекке деген қызығушылығын ояту, бала денсаулығын нығайта отырып жұмыс жүргізу ата-мен тәрбиешінің алға қойған міндеті. Балабақша – бүлдіршіндерді болашақта ұлт дәстүрін сақтайтын инабатты да, ибалы үлкен – кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығы.



Бұл мектепке дейінгі баланы жақсы білуге, оның әр түрлі жағдайларды түсіну, сезіну, көруге мүмкіндік береді, демек бұл баланың дамуының тамаша траекториясы. Осы жағдайда тәрбиеші қызметінде әрдайым баланы мақтап, көтермелеп бағыт беріп отырамын, сол кезде баланың ой – өрісін дамытып қана қоймай, ойлағанын еркін – батыл жеткізуге мүмкіндік беремін. Сол кезде ата – ана мен арамыздағы мейірбандылық нығайып, баланың жеке басының шығармашылық деңгейі артады.

Бала өте сезімтал байқағыш болады, сондықтан балаға ерінбей дұрыс жауап беру, түсіндіру, тура жолға бағыттау, ой – өрісін ұштау, ата – ана мен менің парызым. Балабақшада ата – ана айтылған, көрсетілген нәрсеге ықылас, зейін қойып тыңдауға ерекше зер салғаны жөн. Отбасында балаға балабақшада үнемі өнегелі, ұлағатты сөздер айтып, өзін әдепті ұстап, ізеттілік жасауды түсіндіріп отырған жөн. Мен үнемі балалармен және ата-анамен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін, ата-аналармен психологиялық-педагогикалық көмек түрінде ғана емес, сондай-ақ ата-аналарды балабақша өміріне тарту арқылы және олардың балалардың тәрбие-білім беру жұмысына белсенді қастысуын айта отырып қарым- қатынасты арттырамын.

Ата-аналар мен балалармен бірлескен іс-шаралары, ашық есік күндері, тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізу, кездесулер ұйымдастырып отыруымыз керек. Мектеп жасына дейінгі балаларды өмірге дайындау өте күрделі қажымас еңбекшіні қажет етеді деп санаймын. «Отан – отбасынан басталады» дейміз. Тәрбиеші ата-ананың ынтымақтастығын құруда орасан еңбек ету қажет деп есептеймін. Себебі, ата-ана және тәрбиеші бала тәрбиесіне тең дәрежеде жауапкершілікпен қарауы керек және тәрбиелеу әдіс-тәсілдерін бір арнаға құйып жатса, қабілетті, шығармашыл, білімді тұлғаны дайындап шығатынымыз сөзсіз. Бала тәрбиесінде тәрбиеші мен ата – ана бірлескен іс – әрекетінің нәтижесінде ғана жағымды әсері мен ықпалы айқындалады. Ата – аналар жиналысын өткізуге алдын – ала дайындық кезеңін жасау керек (жиналысқа дейінгі талдауға ұсынылатын сұрақтар мен таныстыру, пікірлесу, өз ойларын ортаға салу). Баланың жақсы жақтарын айту менің парызым. Ата- аналар жиналысына қатысқан ата-аналарды мадақтауды, ризашылық білдіруді естен шығармаймын.



Ата-ана жауапкершілігі бәрінен биік екенін ұмытпаймын. Сондықтан баланың тәрбие алуына, қоғамнан өз орнын табуына, жағдай жасауына әрбір ата- ана мектеп жасына дейінгі әдіс- тәсілдеріне сүйенгені дұрыс деп санаймын. Мен ата- аналармен балалардың жетістіктері және әр баланың бойындағы жақсы қасиеттері мен жақсы жақтарын айтып отырамын. Сондықтан балалардың әр күндерін қызықты, есте қалардай қуанышты көңіл- күймен өткізгендерін қалаймын. Ата-ана жауапкершілігі бәрінен биік екенін ұмытпаймын. Сондықтан баланың тәрбие алуына, қоғамнан өз орнын табуына, жағдай жасауына әрбір ата-ана мектеп жасына дейінгі әдіс-тәсілдеріне сүйенгені дұрыс деп санаймын. Мен ата-аналармен балалардың жетістіктері және әр баланың бойындағы жақсы қасиеттері мен жақсы жақтарын айтып отыру қажет. Сондықтан балалардың әр күндерін қызықты, есте қалардай қуанышты көңіл- күймен өткізгендері жақсы. Сондықтан балалардың болашағы үшін ата-аналармен жұмыстың бірлескен әртүрлі формаларын қолдану керек. Ата-аналармен арамызда сенімді қарым- қатынас болғаны дұрыс деп санаймыз. Бір- бірімізді қолдасақ, тәрбиелік іскерліктеріміз байып жандана түседі. Сонда ғана балаларымыздың дамуы нәтижелі болады.





Күнделікті балаға айтылатын жылы сөздер

Тәрбиеші: Орысбаева А.Қ.

Ақпан 2025 жыл

«Мен сені жақсы көремін»

Кез келген бала үшін өзін біреудің, әсіресе ата-анасының жақсы көретінін сезіну маңызды. Мұнымен қатар, ата-ана тарапынан берілетін махаббаттың бала болашағы үшін орны ерекше. Себебі, махаббаттың не екенін сезініп, біліп өскен бала ғана өзгелерді осы сезімге бөлейді. Яғни болашақ жары мен балаларын бақытты ете алады. Назарын белгілі бір салаға бұрып, мықты маман болып шығады. Мықты маман болу арқылы адамзаттың игілігіне жарайтын істерді қолға алады.



«Барың үшін бақыттымын»

Бала үшін бұл сөзді естігеннен артық бақыт жоқ шығар. Себебі, ата-анасы ұрысып қалса, ажырасып кетіп жатса, бала бірінші кезекте бұл жағдайға өзін кінәлайды. Тіпті, өзінің мүлдем қатысы жоқ болса да. Ал кінәні сезінген адам үшін жазаның да барын ұмытпауымыз керек. Бала өзін әртүрлі жолмен жазалауы мүмкін. Әрине, мұның барлығы бейсаналы деңгейде жүзеге асады. Осындай жағдайлардың алдын алғыңыз келсе, жоғарыдағы сөздерді балаңызға жиі айтып отырыңыз.



«Мен өзіммен мақтанамын»

Қоғамда көп ата-ана баламды өзгелермен салыстыратын болсам, бәйгеден оза шауып келеді деп қате ойлайды. Керісінше перзентіңізді өзге балалармен мүлдем салыстырмауға кеңес беретін едім. Осы қате түсінік салдарынан кейін бала бүкіл өмірін өзгелерден асып түсуге арнап өтеді. Ол үшін "әр сәттен ләззат алу" және "шынайы сапа үшін жұмыс істеу" сынды түсініктер жат болып қалады. Балаңыз балабақшада сахнаға шығып өнер көрсеткен болса да, бәтеңкесінің бауын байлап, әліппеден жаңа әріп үйреніп келген болса да, мақтай түсіңіз. Себебі, бұлардың барлығы ересек адам үшін болмашы дүниелер болғанымен, кішкене балапандар үшін үлкен жетістік. Мұнымен қатар, бала белгілі бір жетістікке жеткен кезде ғана назар аударудың салдары жаман болмақ. Осылай жасайтын болсаңыз, бала кез келген нәрсені сізге ұнау үшін жасайды. Ал біреуге ұнауды бірінші орынға қойып өсетін баланың өзіндік мені қалыптаса қоймайды.



Кез келген сәтте өзіңмен біргемін

Балалардың қиындықтары ересек адамдар үшін болмашы дүние болып көрінгенімен, бұл келеңсіздіктердің оларға қатты әсер ететінін ұмытпайық. Міне, осындай сәтте балаңыздың жанынан табылып, құшағыңызға басып, "Кез келген сәтте өзіңмен бірге боламын" деп айту маңызды. Сонда ғана бала ересек өмірде жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға қорықпайтын болады. Әрине, кейбір келеңсіз жағдайларда балалардың өздері кінәлі болып шығады. Мұндайда балаңызды кінәлауға асықпаңыз. Керісінше оның жақтасы болып, осы кінәсін өзінің түсінуіне мүмкіндік беріңіз.



«Рахмет!»

Балаңыз ойыншықтарын жинап, үй тазалауға немесе т.б. нәрселер жасауға көмектескен болса, бұл үшін міндетті түрде алғыс айтыңыз. Бастапқыда оның бұл жұмысты қаншалықты сапалы орындағаны маңызды емес. Кемшіліктерін кейін айтып үлгересіз. Бар болғаны осы сөзді есту арқылы бала сізге көмектескісі келіп тұратын болады. Мұнымен қатар, бала қарапайым сыпайылық ережелеріне үйренеді.



Келші құшақтайын...

Баланы құшақтаудың маңызы әлдеқайда көп. Оның қаншалықты пайдалы екенін кемінде екі себеппен түсіндіруге болады. Біріншіден, бала өзін біреу құшақтаған кезде әрдайым қорғайтын адамның бар екенін сезінеді. Таудай болған қиындығы әп-сәтте кішірейіп шыға келеді. Екіншіден, адамның психикалық денсаулығы тактильді қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты. Адам өмір бойы осы қажеттілікті өтеуге ұмтылады. Тіпті, оны мысығымен немесе итімен құшақтасу арқылы өтеуі мүмкін. Дәлірек айтсақ, құшақтасқан кезде иммунитет жақсарып, қан құрамында гемоглобин деңгейі көтеріледі. Гипоталамус қанға окситоцин гормонын бөліп шығарады. Осы процесс әсерінен баланың сыртқы ортаға деген көзқарасы да жақсара түседі.



Күнің қалай өтті?



Балабақшада тәрбиеші бір баланы көбірек мақтап қалса, бұл екіншісіне ауыр тиюі мүмкін. Бала өзін кем сезініп, өмірге деген құлшынысы төмендейді. Екінші бір құрдасынан қалай да озамын деп өмірін бәсекеге арнайды. Осындайда жанына түскен жараны бірден емдеп отыру қажет. Әрине, балабақшадағы тәрбиешіні де кінәлауға болмайды. Бір уақытта 15-20 балаға бірдей көзқарас таныту қиын. Қазақ — әрдайым сөздің құдіретіне ерекше мән берген халық. Яғни жан жарасын сөзбен, махаббатпен емдейміз.



**«Бала әкеден ақыл,
анадан мейірім алады»
баяндама**

Тәрбиеші: Аманжолова Г.Қ.

Наурыз 2025 ж

Қазақ халқы өз ұрпағын инабаттылыққа, ата-бабаларымыздың тарих дәстүрлерімен бірге жасасып келген имандылық қасиеттерге тәрбиелеген. Адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, бала бойына егу - ата-ананың борышы. Қазақ отбасы, атап айтсақ, әке мен ана өз балаларын, керек десе немерелерін тәрбиелеуде бар күш-қуатын, бүкіл өмірін сарп еткен адамдар. «Баламды жанымдай көремін, баламның баласын балымдай көремін» деген нақыл сөздер босқа айтылмаған.





Баланы жастайынан кәсіптік жұмысқа үйрету ата-аналардың мақсатты ісі болған. Өмірдегі әкенің, ер-азаматтың алатын орнытуралы қазақ елінің тарихи заңы Тәуке ханның «Жеті жарғысында» былай делінген: «Отбасының амандығы әкеге байланысты». Қара шаңырақтың құдіреті, киелі иесі – ата, әке. Әкенің үй болуда, тұрмыс-тіршілікке, еңбек етуде, кәсіпке бейімдеуде басшылығы күшті. Келешектің иесі кемел болу үшін тәрбие талабы да биік болғаны абзал.

Кең – байтақ қазақ даласында өсіп, өмір сүретін балалардың тәрбиесі олардың ата-аналарының күнделікті іс-әрекеттері мен тұрмыс жағдайына байланысты. Ана мен әке тәрбиесі – бұл өзара ынтымақтастық, тілектестік, ұлдары мен қыздарының адалдыққа, кішіпейілділікке, инабаттылыққа, қарапайымдылыққа, қайырымдылыққа, өмірді, табиғатты сүйуге, қазақ халқының дәстүрлеріне жастайынан тәрбиелеу.



Қай заманда болсын, ата-ананың басты арманы – баласының инабатты, ізетті, еңбек сүйгіш, ержүрек, адал, қайырымды болуы. Соған өз балаларын тәрбиелейді. Осыған орай, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді, адамзат мәдениетімен үйлестіріп іске асыру, әрбір отбасының, яғни ата-ананың негізгі міндеттерінің бірі. Себебі, тәрбие, ұлттық тәрбие үй ішінен бастау алады. Баланың көп уақыты отбасымен өтеді. Тәрбиелі отбасынан тәрбиелі ұрпақ тарайды. «Адам тәрбиелеу, өзінің туған ұлы мен қызын тәрбиелеу – азаматтың ең бірінші аса маңызды қоғамдық қызметі, оның азаматтық борышы» деп В.А.Сухомлинский айтқандай, бала тәрбиесі отбасынан басталатынын ата-ана әрдайым жадында ұстауы тиіс.



Қазақ халқы «Бала қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болу керек», деп отбасылық тәрбиеге ерекше тоқтаған. Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Бала әкеден – ақыл, анадан – мейірім алады. Әке – отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп білесің, Ана-отбасының ұйытқысы, жылуы, шуағы. Жақсы ана отбасына береке әкеліп, жанұясын бақытқа бөлейді.



Дөңгелек үстел : «Бала әкеден — ақыл, анадан — мейірім алады»



Әдіскер: Жаксылыкова
Психолог Жамишова. 30.04.2025 ж

I. Кіріспе: Ұлттық тәрбие мен заманауи психологияның тоғысуы

Қайырлы күн, құрметті дөңгелек үстелге қатысушы ардақты аналар мен айбынды әкелер, әріптестер!

Бүгінгі біздің Консультациялық пункт аясындағы басқосуымыздың арқауы — халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан: «**Бала әкеден — ақыл (тәртіп), анадан — мейірім (жылылық) алады**» деген даналық сөзі. Заманауи бала психологиясы мен гендерлік педагогика да бұл тұжырымды толық дәлелдеп отыр. Егер бөбекжай жасындағы (2-5 жас) баланың бойында эмоционалдық тұрақтылық пен тұлғалық мықты мінез қатар қалыптассын десек, отбасында әке мен ананың тәрбиелік рөлі тең сақталуы тиіс.

Бүгінгі қоғамда «бала тәрбиесі — тек ананың міндеті, ал әкенің міндеті — тек отбасын асырау» деген қате түсінік белең алып барады. Дөңгелек үстеліміздің мақсаты — баланың жан-жақты үйлесімді дамуында әкенің де, ананың да орны бөлек екенін талдау және отбасылық тәрбие сапасын арттыру.

II. Анадан — мейірім: Баланың ішкі әлемінің іргетасы

Ана — бала үшін қауіпсіздік пен шексіз махаббаттың символы. Бала өмірге келген сәттен бастап ананың дауысы, аялы алақаны мен жылылығы арқылы бұл әлемнің қауіпсіз екенін ұғынады.

Психологиялық астары: Ана балаға **эмоционалдық интеллектіні** (өз сезімін түсіну, өзгеге жанашыр болу, эмпатия) үйретеді. Ананың мейірімін қанып өскен бала бөбекжай ортасына тез бейімделеді, агрессиядан алыс болады, айналасына сеніммен қарайды.

Қазіргі мәселе: Бүгінгі аналардың күйзеліске (стресс) тез түсуі, гаджетке көп уақыт бөлуі баланың «мейірім тапшылығын» сезінуіне әкеледі. Ананың мейірімі — құрғақ тәрбиелік сөз емес, баламен бірге ойнау, оны құшақтау, ертегі оқып беру арқылы берілетін тірі энергия.

III. Әкеден — ақыл: Әлеуметтік әлемге жолдама

Егер ана балаға ішкі әлемді (мейірімді) танытса, әке балаға сыртқы әлемді (қоғамды, ережені, шекараны) танытады.

Психологиялық астары: Әке — тәртіптің, логикалық ақылдың және ішкі күштің үлгісі. Шамамен 3 жастан бастап бала әкенің фигурасына қатты мұқтаж болады. Әке балаға тәуекел етуді (мысалы: биікке өрмелеу, құлаудан қорықпау), өз құқығын қорғауды, шешім қабылдауды үйретеді.

Ұл мен қыз тәрбиесіндегі әке рөлі: Әке ұл бала үшін — нағыз ер азаматтың, жауапкершіліктің тікелей үлгісі (эталоны). Ал қыз бала үшін әке — оның болашақта өзіне сенімді, өзін сыйлата білетін әйел заты болып қалыптасуының кепілі. Әкесінен мақтау естіп, қолдау көрген қыз бала өмірде ешқашан жасқаншақ болмайды.

Әке мен Ана тәрбиесінің үйлесімділік Кестесі (Теңгерім)

Тәрбие бағыты	Ананың үлесі (Мейірім)	Әкенің үлесі (Ақыл/Тәртіп)
Дағдарыс сәттерінде	Баланың мұңын тыңдайды, құшақтайды, сезімін бөліседі.	Жағдайдан шығудың логикалық жолын көрсетеді, «Сен мықтысың, қолыңнан келеді» деп жігерлендіреді.
Ойын барысында	Ұқыптылықты, қауіпсіздікті, ережемен сабырлы ойнауды үйретеді.	Белсенді, физикалық ойындар ойнайды (күрес, асық, доп), жеңіліске шыдауды, стратегия құруды үйретеді.
Дербестікке баулуда	Баланың денсаулығына, тазалығына, үйдегі жайлылығына жағдай жасайды.	Баланың өз бетінше шешім қабылдауына, еркіндігіне және жауапкершілік алуына ашық жол береді.

Ата-аналармен пікірталас сұрақтары:

Аналарға сұрақ: «Үйде балаңызға әкесінің сөзі мен шешімі қаншалықты маңызды екенін қалай сезіндіріп жүрсіз?»»

Әкелерге сұрақ: «Қазіргі уақытта бөбекжай жасындағы балаңызбен бос уақытта қандай ұлттық немесе спорттық ойындарды бірге ойнайсыз?»»

Қорытынды:

Құрметті ата-аналар! Бала тәрбиесінде әке мен ана «бір бағытқа ескек ескен қайық» сияқты болуы керек. Егер ана «болады» дегенді әке «болмайды» десе, немесе керісінше болса, баланың психологиясында тұрақсыздық орнайды. Осы орайда Консультациялық пункт ретінде мынадай ережелерді бірлесіп қабылдаймыз:

Үйде «Әке беделін» көтеру: Ана ешқашан баланың көзінше әкенің беделін түсіретін, оның шешімін жоққа шығаратын сөздер айтпауы тиіс. «Әкең келсін, ақылдасамыз», «Әкең мақұлдаса, орындаймыз» деген сөздер баланың әкеге деген құрметін арттырады.

Әкелердің «Алтын уақыты»: Әкелер күніне жұмыстан кейін кем дегенде 15-20 минут уақытын баламен тікелей (телефонсыз) қарым-қатынасқа арнауы керек (бірге серуендеу, төсек алдында еркелету, ақыл-кеңес айту).

Біртұтас талап ережесі: Балабақша мен үйдегі, сондай-ақ әке мен ананың балаға қоятын тәрбиелік талаптары мен тиымдары бірдей болуы шарт.

Түйін: Ананың берген мейірімі — баланың жүрегіне жылулық ұялатса, әкенің берген ақылы мен тәртібі — оның өмірде өз жолын тауып, тік жүруіне компас болады. Қос қанаты тең жетілген бала ғана болашақта биік шыңдарды бағындырады.

Дөңгелек үстелге қатысып, өз ойларыңызды ортаға салғандарыңыз үшін рақмет! Қадамдарымыз құтты, тәрбиеміз нәтижелі болсын!

**«Балаңыз мектепке дайын ба?
Санау мен жазудан да маңызды
қасиеттер»**

Әдіскер: Жаксылықова
Тәрбиеші Орысбаева А
20 мамыр 2025 ж

I. Кіріспе: ҚР Білім беру стандарты және мектепке бейімделу

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар, ардақты әріптестер! Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мен заманауи нейропсихология талаптарына сай, баланың 1-сыныпқа баруы — бұл жай ғана партаға отыру емес, бұл — бала ағзасы мен психикасының жаңа әлеуметтік рөлге түбегейлі көшуі.

Бүгінгі таңда ата-аналар арасында «Балам әріп таныса, жүзге дейін санаса — мектепке дайын» деген біржақты түсінік қалыптасқан. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, бірінші сыныпта әріп білетін, бірақ мұғалімді тыңдай алмайтын, өздігінен киіне алмайтын немесе сәтсіздікке кездескенде жылап жіберетін балалар оқу процесінен тез суып кетеді. Шынайы мектепке дайындық — бұл баланың психологиялық, әлеуметтік, физиологиялық және интеллектуалдық көрсеткіштерінің кешенді бірлігі.

II. Мектепке дайындықтың 4 негізгі дінгегі

1. Психологиялық және эмоционалдық-ерік дайындығы

Мектептегі оқу әрекеті — бұл ерікті процесс. Бала өз қалауын («ойнағым келеді») мектеп ережесіне («тыңдау керек») бағындыра алуы тиіс.

Зейін мен шыдамдылық: 6–7 жастағы бала бөлінбестен 15-20 минут бойы бір орында отырып, мұғалімнің нұсқауын орындай алуы керек.

Ережеге бағыну және Эмоцияны басқару: Ойын барысында немесе тапсырма қате болғанда агрессия көрсетпей, жыламай, сабыр сақтау — мектептегі жетістіктің басты кепілі.

Оқу уәждемесі (Мотивация): Бала мектепке әдемі сөмке киіп, мақтану үшін емес, «жаңа білім алу, жазу үйрену» үшін барғысы келуі керек.

2. Әлеуметтік-коммуникативтік дайындық

Бұл — баланың құрдастарымен және мұғаліммен дұрыс қарым-қатынас орната алу қабілеті.

Тілдік мәдениет: Өз қатарластарымен ортақ ойын ұйымдастыру, жанжалдарды (конфликт) төбелессіз, сөзбен шеше алу.

Үлкендермен қарым-қатынас: Мұғалімнің сөзін бөлмей тыңдау, қажет болған жағдайда қысылмай, қол көтеріп, сыпайы түрде көмек сұрай білу.

3. Тұрмыстық дербестік (Өзіне-өзі қызмет ету)

- Мектеп — баланың жеке жауапкершілік аймағы. Онда тәрбиеші де, ата-ана да қасында болмайды.
- **Киіну дағдысы:** Мектеп формасын, спорттық киімін өзі ауыстыру, түймелерін қадау, аяқ киім бауын байлау.
- **Ұқыптылық:** Сабақтан соң пеналын, дәптер-кітаптарын сөмкесіне өздігінен түгел жинап, өз заттарын жоғалтпау.
- **Гигиена:** Қоғамдық дәретхананы дұрыс қолдану, асханада ұқыпты тамақтану.

4. Физиологиялық және Интеллектуалдық дайындық

Бұл — ми сыңарларының даму деңгейі мен қолдың ұсақ моторикасының қалыптасуы.

Дүниетаным: Өзінің толық аты-жөнін, жасын, ата-анасының есімі мен жұмыс орнын, үй мекенжайын, жыл мезгілдері мен апта күндерін ретімен білуі.

Логика және Тіл: Заттарды белгілері бойынша топтастыру (киімдер, ыдыстар, көліктер), сюжетті суреттерге қарап оқиға желісін құрап, байланыстырып сөйлей алу.

III. Консультациялық пункттің Практикалық блогы

Ата-аналарға үйде баланың мүмкіндіктерін шыңдау үшін мынадай тиімді қадамдар мен жаттығуларды ұсынамыз:

1.1-қадам: Үй жағдайында мектеп режимін енгізу: Жүйке жүйесін қорғау. Мектеп басталуға 2-3 ай қалғанда баланың ұйқы және тамақтану уақытын мектеп кестесіне икемдеңіз. Сағат 21:00-де ұйықтау және таңертең 07:00-де ояну бала ағзасын болашақ физикалық жүктемеге стрессіз дайындайды.

2.2-қадам: Саусақ бұлшықеттерін дамыту: Ұсақ моторика.

Балаға көп жазу жазғызып қол сүйегін шаршатпаңыз. Оның орнына үйде қайшымен қағаз қию, ермек сазбен (пластилин) ұсақ мүсіндер жасау, моншақ тізу және лего құрастыру жұмыстарын көбейтіңіз. Бұл мидағы сөйлеу және жазу орталықтарын қатар дамытады.

3.3-қадам: «Ережелі ойындар» арқылы ерік-жігерді шыңдау: Психологиялық дайындық.

Үйде баламен бірге домино, шахмат, дойбы немесе үстел ойындарын жиі ойнаңыз. Бұл ойындар баланы ережеге бағынуға, өз кезегін күтуге және ең бастысы — жеңілістің ащы дәмін татып, эмоцияны бақылауда ұстауға үйретеді.

4.4-қадам: Жауапкершілік аймағын белгілеу: Дербестікке баулу.

Үйде баланың өз бөлмесіндегі немесе үстеліндегі заттарына тек өзі жауап беруін талап етіңіз. Мектеп құралдарын (сөмке, қарындаш) таңдауды баланың өзіне сеніп тапсырыңыз. Бұл оның «мен енді үлкенмін, мен оқушымын» деген ішкі мақтаныш сезімін оятады.

IV. Ата-аналармен өткізілетін Экспресс-Тренинг

«Мұғалімді тыңдау» жаттығуы (Графикалық диктант): Ата-аналарға баламен үйде торкөз дәптерде қарындашпен сызықтар сызу (Мысалы: 2 торкөз оңға, 1 жоғары, 2 төмен) көрсетіледі. Бұл баланың құлақпен естіген ақпаратты қолмен дәл орындау қабілетін тексереді.

«Филиппин тесті» (Мидың физиологиялық жетілуі): Ата-аналарға өз балаларының оң қолын басының үстінен өткізіп, сол жақ құлағын ұстатып көру әдісі практикалық түрде түсіндіріледі. Суретте көрсетілгендей, саусақ ұштары құлақ қалқанына жетсе — баланың сүйек жүйесі мен ми сыңарлары мектепке дайын.

V. Консультациялық пункттің Ата-аналарға Үндеуі

Маңызды Әдістемелік Кеңес:

Құрметті ата-аналар! Егер балаңыздың жасы 6-ға толса да, ол эмоционалдық тұрғыдан өте қиқар, жылауық, өздігінен киіне алмайтын, өте тез шаршайтын болса, оны мектепке беруге асықпаңыздар. Бір жыл ерте бару баланың оқуға деген ынтасын мәңгілікке жойып, психологиялық жарақатқа (невроз, мазасыздық) әкелуі мүмкін. Одан да балабақшаның мектепалды даярлық тобында қалдырып, баланың жүйке жүйесінің нығаюына мүмкіндік беріңіздер.

VI. Қорытынды

Баланың мектепке дайындығы — бұл тек қана балабақшаның немесе тек баланың міндеті емес, бұл — отбасы мен педагогтардың ортақ жүйелі жұмысының нәтижесі. Біз баланы мектепке баға алу үшін емес, өмір сүруді үйрену үшін дайындаймыз. Сондықтан баланы ешқашан басқа балалармен салыстырмай, тек оның кешегі күнімен бүгінгі жетістігін салыстырып, қолдап отырыңыздар.

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасының Консультациялық пункті балаңыздың мектепке дейінгі кезеңін сәтті аяқтауға сіздермен бірге атсалысуға әрдайым дайын.

Назар аударып тыңдағандарыңызға үлкен рақмет!